Если принять за стоимость 1 квт.ч. величину 8,89 тенге, то с учетом повышения пропускной способности срок окупаемости составит 2,46 года. Очевидно, это и будет наиболее правильной оценкой эффективности применения КРМ.

К сожалению, методика расчета стоимости потерь электроэнергии, входящая в структуру тарифа, и кто кому и как платит и в ТОО «АлматыЭнергоСбыт» и в АО «АЖК» является коммерческой тайной. Поэтому конкретная оценка экономической эффективности применения НБСК, и кто ее получит, является неопределенной задачей, что не способствует внедрению конденсаторных батарей.

Попытки установления законодательных отношений в части потребления реактивной энергии (мощности) в Казахстане основывались на применении таких документов: «Инструкции по системному расчёту компенсации реактивной мощности в электрических сетях», утвержденной Госэнергонадзором 14.05.91 г.; а также Прейскурант 09-01-05 «Тарифы на электрическую и тепловую энергию» 1992 года и дополнительный Прейскурант 09-01-05-1993/2 «Тарифы на электрическую и тепловую энергию»; а также «Правила пользования электрической энергией» от 7 декабря 2000 года. Все эти республиканские документы устанавливали скидки и надбавки к тарифам на активную энергию за использование реактивной энергии.

Однако п. 108 «Правил ...», указывающих на применение скидок (надбавок) за потребление (генерацию) реактивной энергии вошел в противоречие с «Гражданским кодексом РК», не предусматривающим увеличение цены (тарифа) товара, и поэтому все скидки и надбавки были отменены. Здесь следует отметить, что это касалось промышленных предприятий.

Также одной из причин отсутствия в распределительных сетях конденсаторных батарей является и существующий порядок нормирования потерь в Казахстане.

Внедрение метода «бенчмаркинга», недостатки и неприемлемость которого подробно рассмотрены [2] и распространены регулирующим органом в последние годы, не состоялось. Нормирование потерь до сих пор осуществляется в соответствии с «Порядком нормирования потерь в Казахстане», утвержденным Минэнерго РК еще в 2005 году, предполагающим ежегодный расчет и утверждение норматива на основании пакета документов, в котором должны быть представлены:

1. Ежемесячное ведение режимов работы линий и анализ баланса активной и реактивной электроэнергии по классам напряжения, расчет и анализ составляющих потерь в каждом элементе сети, а также всех составляющих НХПЭ.

2. Разработка структурно-балансовой модели потокораспределения, которая позволяет проверить балансы (по зафиксированным документам) и зависимости (расчеты) потерь и рассчитать нормативные коэффициенты электрической сети по потерям (НХПЭ), а также определение абсолютных и относительных величин потерь электроэнергии за базовый период и на прогнозируемый периоды.

3. Сравнительный анализ перетоков и расчетных потерь электроэнергии и др.

Как видно, и в этом случае вопросы целесообразности и необходимости КРМ не оговариваются.

При этом основным недостатком такого нормирования потерь электроэнергии в сетях региональных компаний на долгосрочный период (3-5 лет) является неопределенность прогноза передачи электроэнергии по сетям каждого класса напряжения, формируемым потребителем. Вследствие этого среднегодовой

утвержденный норматив потерь электроэнергии на 3-5 лет не соответствует нормативу в летние месяцы и зимние месяцы, что создает большие проблемы с налоговыми органами, требующими ежеквартального, а то и ежемесячного сравнения фактических потерь со среднегодовым, утвержденным нормативом.

Ранее проверкой нормативных потерь электроэнергии занимались эксперты, имеющие специальное разрешение Минэнерго, а окончательное утверждение нормативов потерь производилось Департаментом электроэнергетики Минэнерго. После чего документы по нормированию и нормативы потерь предоставлялись в АРЕМ. Минэнерго также отслеживало документы по балансам и потреблению электроэнергии на энергетических предприятиях.

В настоящее время Министерство Энергетики Казахстана анализом и нормированием потерь электроэнергии в электрических сетях не занимается. В 2015 приказом Министра по инвестициям и развитию РК от 31 марта № 394 право устанавливать субъектам естественных монополий нормативы технических потерь, а также сроки и величину их снижения дано «Комитету по регулированию естественных монополий и защиты конкуренции (КРЕМ) Министерства национальной экономики Республики Казахстан».

Поэтому при защите норматива потерь электроэнергии предприятиям трудно доказать экономистам КРЕМ, что линии работают в неоптимальных режимах (малая загрузка трансформаторов при большой длине линий), малые сечения линий при большой загрузке, отсутствие шунтирующих реакторов, отсутствие компенсации реактивной мощности у потребителя и т.д.).

Необъективность, а часто – некомпетентность, проводимой экспертизы нормативов потерь электроэнергии в сетях Уполномоченным органом, как правило, не имеющим специалистов в области потерь электроэнергии и рассматривающим техническую сущность этого показателя только со стороны финансовой политики, приводят к тому, что величина нормативных потерь электроэнергии осуществляется по директивному принципу. В результате часто имеет место снижение величины нормативных потерь электроэнергии по директивному принципу.

Существующий порядок нормирования потерь и по форме, и по содержанию требует существенной переработки и усовершенствования, особенно в части разработки механизма материального стимулирования РЭКОв, не только за выполнение нормативов, но и за разработку и реализацию программ по компенсации реактивной мощности.

В работе [3], где дается подробный анализ состояния вопроса о КРМ в России и сравнение с зарубежным опытом, определено понятие энергетической эффективности электрических сетей, как комплекса не только снижения потерь, надежности и качества электроснабжения, а также повышения пропускной способности. Кроме того, показано, что компенсация реактивной мощности является наиболее эффективным и универсальным мероприятием, одновременно влияющим на все четыре показателя. Там же сформулированы и предложения, которые сводятся к необходимости внесения в правила оптового и розничного рынков электроэнергии и в постановления правительства РФ дополнительных требований по реактивной мощности и экономическому стимулированию по ее передаче и распределению, необходимости разработки отраслевого стандарта по оценке экономического эффекта от установки и ввода в работу средств компенсации реактивной мощности и разработки и внедрения коэффициентов к тарифам на электроэнергию за компенсацию реактивной мощности и качество электроэнергии и многого еще. Эти предложения обусловлены отсутствием и существенным отставанием от современного уровня методической и нормативно правовой базы, а также и отсутствием централизованной системы управления реактивной мощностью.

Примерно такая же ситуация в части нормирования потерь и компенсации реактивной мощности имеет место и в Казахстане, что требует разработки соответствующих документов, программ и нормативов на законодательном уровне.

### **Выводы**

1. Компенсация реактивной мощности является универсальным показателем энергетической эффективности электрических сетей в части снижения потерь, повышения надежности и качества электроснабжения, а также повышения пропускной способности

2. Необходимо установление четких законодательных отношений всех субъектов рынка в части передачи и потребления реактивной мощности и порядка нормирования потерь электроэнергии как для промышленных предприятий, так и для распределительных сетей коммунально-бытового характера.

### **СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ**

[1] Железко Ю.С. Выбор мероприятий по снижению потерь электроэнергии в электрических сетях. – М.: Энергоатомиздат, 1989. – 175 с.

[2] Воротницкий В.Э., Калинкина М.А., Апряткин В.Н. Мероприятия по снижению потерь электроэнергии в электрических сетях энергоснабжающих организаций. Энергосбережение, 2000, № 3, с. 53-55.

[3] Железко Ю.С. Потери электроэнергии. Реактивная мощность. Качество электроэнергии. Руководство для практических расчетов. М.: ЭНАС, 2009. 456 с.

[4] Воротницкий В.Э. Энергетическая эффективность и компенсация реактивной мощности в электрических сетях. Проблемы и пути решения. Энергосовет № 47 весна 2017. 44 с.

[5] Овсейчук В.В, Трофимов Г.Г, Кац А.М и др. Компенсация реактивной мощности. К вопросу о технико-экономической целесообразности. Новости электротехники 2008 №4 (52).

### **REFERENCES**

[1] Zhelezko. Ju.S. Vybor meroprijatij po snizheniju poter' jelektrojenergii v jelektricheskikh setyah. - M.: Jenergoatomizdat, 1989. – 175 s.

[2] Vorotnickij V.Je., Kalinkina M.A., Aprjatkin V.N. Meroprijatija po snizheniju poter' jelektrojenergii v jelektricheskikh setyah jenergosnabzhushhih organizacij. Jenergosberezhenie, 2000, № 3 s 53-55.

[3] Zhelezko Ju.S. Poteri jelektrojenergii. Reaktivnaja moshhnost'. Kachestvo jelektrojenergii. Rukovodstvo dlja prakticheskikh raschetov. M.: JeNAS, 2009. 456 s.

[4] Vorotnickij V.Je. Jenergeticheskaja effektivnost' i kompensacija reaktivnoj moshhnosti v jelektricheskikh setyah. Problemy i puti reshenija. Jenergosovet № 47 vesna 2017, str. 44.

[5] Ovsejchuk V.V, Trofimov G.G, Kac A.M i dr. Kompensacija reaktivnoj moshhnosti. K voprosu o tehniko-jekonomiceskoy celesoobraznosti. Novosti jelekrotehniki 2008 №4 (52)

## **ҚАЛАЛЫҚ ҮЛГІДЕГІ ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІНДЕ РЕАКТИВТІ ҚУАТТЫ ӨТЕУ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ ШЫҒЫНДАРЫН АЗАЙТУ**

**Новикова М.А., Садовская А.С., Соколов С. Е., Соколова И. С., Сулейменова Д.Т.**

«Гұмарбек Даукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» КеАҚ,  
Алматы қ., Қазақстан  
[duriyasuleimenova@mail.ru](mailto:duriyasuleimenova@mail.ru)

**Аннотация.** Қалалық үлгідегі электр тораптарындағы шығындарды азайту шараларын талдау деректері келтірілген. Электр энергиясының шығындарын азайту бойынша негізгі іс-шаралардың бірі – бүгіндегі кең қолданыс таппаган реактивті қуатты өтеу екендігі көрсетілген. Реактивті қуатты өтеу – жүйелік көпдеңгейлі міндет, соның ішінде реактивті қуатты ең төменгі жаздық мәніне сәйкес реттелмейтін конденсаторлық батареямен 6-10/0,4 кВ ТКС шиналарында өтеу ең нақты шара екендігі көрсетілген.

**Текущі сөздер:** өтемақы, шығын, конденсаторлық батарея, шығындарды нормалау.

## **REACTIVE POWER COMPENSATION AND REDUCTION OF LOSSES OF ELECTRICITY IN ELECTRIC NETWORKS OF A CITY TYPE**

**M.A. Novikova, A.S. Sadovskaya, S. E. Sokolov, I. S. Sokolova, D.T. Suleimenova**

Non-profit JSC “Almaty University of Power Engineering and Telecommunications named after Gumarbek Daukeev”, Almaty, Kazakhstan  
[duriyasuleimenova@mail.ru](mailto:duriyasuleimenova@mail.ru)

**Annotation.** Data on the analysis of measures to reduce losses in urban electric networks are given in the article. The main measure to reduce electricity losses is reactive power compensation, which is not yet widely used. Compensation of reactive power is a multi-level systemic task, and the most real is the level of compensation on 6-10 / 0.4 kV busbars with a choice of power of unregulated capacitor banks according to the minimum summer value of reactive power.

**Key words:** compensation, losses, capacitor banks, loss rationing.



## ЭЛЕКТРОЭНЕРГЕТИКА И ЭЛЕКТРОТЕХНОЛОГИИ

МРНТИ 27.47.19

**Б. Оразбаев<sup>1</sup>, А.Тәнірбергенова<sup>2</sup>, Л. Курмангазиева<sup>3</sup>, Р. Тулеуова<sup>4</sup>, К. Оразбаева<sup>5</sup>**

<sup>1,2</sup>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

<sup>3</sup>С.Утебаев атындағы Атырау мұнай газ университеті, Атырау қ., Қазақстан

<sup>4</sup>Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау қ., Қазақстан

<sup>5</sup>Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан  
batyr\_o@mail.ru, alua\_15\_1982@mail.ru, kurmangazieva@mail.ru, tuleuovar@mail.ru,  
kulman\_o@mail.ru

### АЙҚЫН ЕМЕС ШЕКТЕУЛЕР ЖАҒДАЙЫНДА ӨНДІРІСТІК ЖОСПАРДЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУ

*Аңдатта.* Айқынсыз сипатталатын шектеулері бар өндіріс жоспарларын тиімділеу есептері әр түрлі математикалық бағдарламалау есептері ретінде қойлымдары алынып, оларды шешу үшін модификацияланған бас өлшем принципі негізінде эвристикалық тәсіл жасақталған. Бастапқы көпөлшемді есептерді бір өлшемді есепке келтірудің негізгі жолдары қарастырылған. Айқынсыз шектеулермен сипатталатын өндірістік жоспарды тиімділеу есебі негізгі өлшем әдісін айқынсыз жағдайға түрлендіру жолымен айқынсыз математикалық бағдарламалау есебі келтірілген және қойлымы алынған есепті шешуге ұсынылған эвристикалық әдістің кезендерінің сипаттамасы берілген. Есепті шешуге ұсынылған әдіс тиімділеу және қажетті шешімді қабылдау кезінде сараптамалық бағалау әдісін, сарапшылар және шешім қабылдаушы мамандар білімдері, тәжірибесі және түйсігі түріндегі айқынсыз ақпаратты пайдаланады. Жұмыстың теориялық нәтижелері жасанды алмаздан жасалатын бұрғылау қашауларын өндіруде айқынсыз шектеулері бар өндіріс жоспарын жасауда тәжірибеде колданыс тауып, іске асырылған. Жасақталған айқын емес әдістеме көмегімен түрлі бұрғылау қашауларын өндіруден күтілетін кәсіорынның айлық пайдасы, анық әдістемеден түсетін пайдадан артық болатыны есептелген.

*Тірек сөздер:* айқынсыз шектеу, айқынсыз математикалық бағдарламалау, айқынсыз ақпарат, өндірістік жоспар.

#### Кіріспе

Әдетте өндірістік нысандардың жұмысы негізінен айқынсыз ортада жүреді, басқаша айтқанда, өндірістік нысанның жұмысы айқын емес ақпарат арқылы сипатталады. Сол сияқты тиімді өндірістік жоспарларды құру есебі де көп өлшемдер және айқын емес ақпарат арқылы сипатталуы мүмкін. Көп өлшеммен және айқынсыздықпен сипатталатын мұндай есептерді айқынсыз математикалық бағдарламалау (АЕМБ) есептері ретінде қоюға болады [1]. Айқынсыздықтың түрлі көздерін (өлшемдерде, шектеулерде, олардың маңыздылықтарында т.б.) үйлестіру жолымен түрлі АЕМБ есептерін алуға болады [1–3]. Сызықтық программаланау есептері шешімінің сезімталдығын талдау бойынша Данцигтің жұмыстарында өндірістік нысандар тәрізді күрделі жүйелердің белгісіздігі кезінде тиімділеу есептерін шешу әдістемелері зерттелген [3]. Белгісіздік мәселелерін стохастикалық бағдарламалау тәсілдері жайында зерттеулерде ықтималдар теориясы әдістері арқылы шешуге ұсыныстар берілген [4]. Аталған зерттеулерде бастапқы ақпарат шумдалған болғанда жұмысқа қабілетті тиімділеу тәсілдерін жасақтау мәселелері талқыланған және пайдаланатын ақпараттың белгілі ықтималдық сипаттамаларымен салыстырғанда шешім дәлдігін талдау мәселелері қарастырылған.

Өндірісте жоспарлардың күрғанда мамандардың жоспары жайлы тұжырымдамасы, тәжірибесі мен білімі айқын емес ақпарат түрінде қалыптасып қолданылады. Айқынсыз ақпарат жоспар құрушы мамандың тиімді жоспар жайлы шешімі мен ұғымын білдіреді. Сонымен бастапқы айқын емес ақпаратты шешім қабылдау барысында қолдану айқынсыздықта көпөлшемді оңтайландыру әдістемелірінің туындауына алып келді [1,5]. Бастапқы ақпараттың жетіспеушілігі мен белгісіздік жағдайларында аталған есептерді шешуде белгілі ықтималдық әдістер мен математикалық статистика әдістері [6], немесе айқын емес жиындар тәсілдері аппараты [1,5,7] қолданады. Ішкималдық тәсілдері объективті ықтималдықтың таралуының тығыздық функциясын анықтау мен қолдануға негізделген және жеткілікті деңгейде зерттелген. Алайда бұл тәсілдерді қолдану ықтималдар теориясы аксиомалары орындалғанда ғана ақталады [8]. Айқынсыздықта оптималдау, не шешім қабылдау есептеріне, оны қабылдаушы адамның ой-пікірі тәрізді субъективті ақпаратты қолданатын есептер жатады. Сондықтан тиімді өндіріс жоспарын анықтау есебін көпөлшемді оңтайландыру, шешім қабылдау яғни математикалық бағдарламалау есептеріне келтіруге болады [9]. [10,11] жұмыстарында математикалық бағдарламалау есептерін АЕМБ есептер класына жалпыламалау мәселелері қарастырылған. Мысалы, АЕМБ есебін шешу үшін Белман-Заде тәсілдемесіне негізделген әдіс ұсынылған. Бұл тәсілдемен қолданудың негізгі мәселесі баламаларды таңдауда жатыр. Бұл мәселені шешуде айқын емес жиындар аппаратын қолдануға болады. Айқын емес жиындардағы әдеңгейлі жиын айқын емес есептерді айқын есептерге айналдырып, белгілі тәсілдер көмегімен шешуге мүмкіндік береді, бірақ алынған айқын есептің көлемі  $\alpha$  қималары артқан сайын ұлғаяды, үлкен есептеу ресурстарын талап етеді және бұл әдісте жиналған айқын емес ақпараттың біразы жоғалады.

### Материалдар мен әдістер

Барлық айқынсыз шектеулерді бір кезде қанағаттандыру мақсатында зерттеу жұмысында берілген айқынсыз шектеулі есептерді шешу барысында олардың айқынсыздығын ескере отырып, АЕМБ есебін адекватты қою мен тиімді шешу тәсілі ұсынылады. Ұсынылатын тәсілде, есеп тәжірибеде орын алатын өндірістік жағдайды ескере отырып қойылады және оны шешу үрдісінде ымыралық сыйбалардың түрлі нұсқасы көпөлшемді мәселелерді шешу үшін қолданылады, сонымен қатар шешім қабылдаушы тұлғаны (ШҚТ) қанағаттандыратын шешім ізделеді. Мұндай тәсілдеме ШҚТ-ға өндірісте орын алған жағдайға және қол жетімді ақпаратқа байланысты және түрлі шешімдерді салыстыра отырып, ең тиімдісін таңдап алуға мүмкіндік береді.

АЕМБ есебі түрінде айқынсыздықта, көпөлшемді оңтайлау есептерінің қалыптасуы мен жалпы қойлымын келтірейік. Бастапқы бірнеше шектеулі және көпкriterилі оңтайлау есебін бір өлшемді (өлшемдерді тұқырту, не бас өлшемдер тәсілі арқылы), айқын емес шектеулері бар есепке келтіріп, қою мүмкін болатын жағдайды қарастырайық. Есепті формализациялау үшін келесі белгімелерді енгіземіз:  $\mu_0(x)$  – нормалданған критерий, немесе  $\mu_0(x) = \phi(\mu_0^i), i = \overline{1, m}$  – локалді критерилер тұқыртылуы;  $\mu_q(x), q = \overline{1, L}$  – айқын емес шектеулердің орындалу деңгейлерін бағалайтын тиістілік функциялар; Сонда қабылданған белгімелерді қолдана отырып жалпы АЕМП есебін келесідей түрде жазуға болады:

$$X = \left\{ x : \arg \max_{x \in \Omega} \mu_q(x), q = \overline{1, L} \right\}$$

Алынған АЕМБ есебі айқын өлшем мен белгісіз шектеулер жағдайында, шектеулердің қажетті деңгейде қанағаттандыра отырып, өлшемнің ең жоғарғы мәнін табуға ұмтылуды сипаттайтын. Егер айқынсыз шектеулердің орындалу деңгейлерін бағалайтын

тиістілік функциялары қалыпты болса, онда АЕМП есебін келесі оңтайтылған түрде жазуға болады:

$$\max_{x \in X} \mu_0(x) \quad (1)$$

$$X = \{x : x \in \Omega \wedge \mu_q(x) = 1, q = \overline{1, L}\} \quad (2)$$

(1)–(2) есебі қойлымынан айқын, яғни кәдімгі оңтайлау есебінің алынғаны көрінеді. Егер мақсаттық функция  $\mu_0(x)$  мен тиістілік функциялары  $\mu_q(x), q = \overline{1, L}$  ойыс болса. Ал  $X$  жиыны дөнес болса (1)–(2) есебін белгілі математикалық бағдарламалау әдістері арқылы шешу мүмкіндігі туады.

Өндірістрік есептерді шешуде, орын алған шектеулердің барлығын бірдей қанағаттандыратын вектор  $\mathbf{x} = (x_1, \dots, x_n)$  болмауы, яғни  $X$  жиыны бос жиын болуы мүмкін. Бұл жағдайда АЕМБ есебін айқындықта қою дұрыс емес, өйткені оның шешімі болмайды. Яғни шешілетін АЕМБ есебін, оның шектеулерінің айқынсыздығын ескеріп, айқын емес ортада қою керек. Сонымен қатар есепті қоюда барлық айқынсыз шектеулерді бір уақытта берілген деңгейде қанағаттандыру үшін ымыралық сызбаларды айқынсыздыққа бейімдеу қажет болады.

### Нәтижелер мен талқылау

$L$  айқын емес шектеулері бар оптималдау есебін бас критерий принципін қолданып қою және шешу тәсілдемесін қарастырайық.  $\mu_0(x)$  – нормалданған оңтайлау өлшемі,  $I_R = \{1, \dots, L\}$  – сарапшылар тағайындаған шектеулердің басымдылық қатары, ал  $\mu_q^R, q = \overline{1, L}$  – ШҚТ тағайындастын шектеулердің шектік мәндері болсын. Сонда АЕМБ есебі қойлымын келесі түрде жазуға болады:

$$\max_{x \in X} \mu_0(x) \quad (3)$$

$$X = \{x : x \in \Omega \wedge \arg(\mu_q(x) \geq \mu_q^R), q = \overline{1, L}\} \quad (4)$$

(3)–(4) есебінің шешуде айқынсыз шектеулердің қажетті деңгейлерде орындалуын және өлшемнің ең жоғарғы мәнін қамтамасыз ететін өлшемдер, яғни шешімдер  $x(\mu_1^R, \dots, \mu_L^R)$  берілген  $\mu_1^R, \dots, \mu_L^R$  шектік мәндерге тәуелді болатыны түсінікті.

Жоғарыда алынған (3)–(4) қойлымындағы АЕМБ есебін шешу үшін келесі әвристикалық әдісті ұсынуға болады:

### АЕБКП (айқын емес бас өлшем принципі) тәсілі

1. Айқын емес шектеулерге ШҚТ басымқылар қатарын ендіреді:  $I_R = \{1, \dots, L\}$ .
2. Айқын емес шектеулерді сипаттайтын терм-жиын  $T(X, Y)$  анықталып, айқын емес шектеулердің орындалуын бағалайтын тиістілік функциялары тұрғызылады:  $\mu_q(x), q = \overline{1, L}$ .
3. ШҚТ шектеулер үшін бастапқы шекті мәндерін тағайындауды:  $\mu_q^{R(l)}, q = \overline{1, L}, l = 1$ .
4. Мақсатты функцияны максималдау есебі  $\mu_0(x)$  рұқсат етілген шешімдер жиыныда (3) шешіледі, яғни, қойылған айқын емес шектеулерді ескере отырып, ағымдағы шешімдер анықталады:  $x(\mu_q^{R(1)}), \mu_0(x(\mu_q^{R(1)})), \mu_1(x(\mu_1^{R(1)})), \dots, \mu_L(x(\mu_L^{R(1)}))$
5. Алынған ағымдағы шешімдерді талдау және тиімді шешімді тандау үшін ШҚТ-ға ұсынылады. Егер шешімдер ШҚТ-ны қанағаттандыrsa, онда ол соңғы, яғни оңтайлы шешімді қабылдайды және оларды шығару үшін 7-тармаққа өтеміз.
6. Ағымдағы шешімдер ШҚТ-ны қанағаттандырмаша жағдайда, ол  $\mu_q^{R(l)}, l = l+1$  жаңа мәндер енгізеді, яғни шешімді жақсарту үшін олардың мәндерін түзейді. Одан кейін жаңа шешімдерді анықтау 4-тармақтан бастап қайта басталады.

7. ШКТ-ны қанағаттандырған соңғы шешімдер: өлшемнің ең жоғарғы мәні  $\mu_0(x^*(\mu_q^{R(I)}))$  айқынсыз шектеулердің қажетті деңгейде орындалуын  $\mu_1(x^*(\mu_q^{R(I)})), \dots, \mu_L(x^*(\mu_q^{R(I)}))$  қамтамасыз ететін  $x^*(\mu_q^{R(I)})_{q=1, \dots, L}$  –шешімдер шығарылады.

Айқынсыздықта оптималдау есебін шешудің жоғарыда ұсынылған тәсілін айқын емес шектеулермен сипатталатын өндірістік жоспарды оптималдау есебін шешуде қолданайық. Атырау мұнай бүрғылау құрал-жабдықтарын шығаратын зауыттың бүрғылау қашауларының екі типін  $D_1$  және  $D_2$  өндіреді. Қашауларды өндіру үрдісі жасанды алмазға (шикізат) және станоктарды өндеу уақытын ескеретін айқын емес шектеулер арқылы сипатталады.

$D_1$  типті әр қашауды өндіру үшін жуықша 4 кг, ал  $D_2$  типті қашауды өндіруге 5 кг жасанды алмаз қажет. Зауыт өз жеткізушилерінен айна 100 кг дейін жасанды алмаз ала алады. Әр  $D_1$  типті қашауды жасау үшін станоктарда 12,5 сағат, ал әр  $D_2$  типті қашауды өндіру үшін – 10 сағат жұмыс уақыты қажет. Айна станоктарда 240 сағатқа дейін жұмыс жасау мүмкіндігі бар. Егер әр  $D_1$  типті қашауды өндіргеннен зауытқа 5 мың шартты бірліктегі (ш.б., мысалы доллар), ал әр  $D_2$  типті қашауды өндіргеннен 7 мың ш.б. пайда түсетін болса, зауыт айна қанша  $D_1$  және  $D_2$  типті қашауды өндіру қажеттігін анықтау, яғни өндірістік жоспар құру керек.

Формализацияланған есептің математикалық қойлымын тұжырымдайық.  $x_1$  мен  $x_2$  – сәйкесінше айна өндірілетін  $D_1$  және  $D_2$  типті қашаудың саны болсын. Өндірістің онтайлы жоспарын, яғни, зауыттың айлық пайдасын  $f(x_1, x_2)$  арттыратын  $x_1$  мен  $x_2$  тиімді мәндерін табу керек. Жоғарыда келтірілген деректер мен ақпарат негізінде, айлық пайдакелесі өрнекпен анықталуы мүмкін:

$$f(x) = 5x_1 + 7x_2 \quad (5)$$

Өрнек (5) максимизациялануы тиіс өлшем болып табылады. Сонымен бір өлшемді онтайлау есебі алынды. Егер мақсаттық функциялар бірнешеу болса, онда оларды тұқырту арқылы бір өлшемге келтіруге болады деп есептейміз.

Өлшемнен пайданы арттыру үшін, өндірілетін өнімдердің, яғни қашаулардың санын  $(x_1, x_2)$  арттыру керек екені түсінкіті. Алайда, мәселе мынада, бұл  $x_1, x_2$  айнымалыларын арттыру шикізат пен өндеу уақытымен шектелген. Бұл шектеулер айқын емес сипатталған.  $x_1$  мен  $x_2$  айлық өндірілетін қашаулардың санын білдіретіндіктен, 1- және 2-типті қашаулар саны оң сан болуы керек екені түсінкіті, яғни

$$x_1 \geq 0, x_2 \geq 0 \quad (6)$$

Бүрғылау қашауларын өндіруге қажетті жасанды алмаз (шикізат) бен бұйымдарды өндеуге қажетті уақытқа қойылған айқынсыз шектеулерінің математикалық жазбалары:

$$4x_1 + 5x_2 \gtrsim 100 \text{ (жасанды алмаз)} \quad (7)$$

$$12.5x_1 + 10x_2 \gtrsim 250 \text{ (өндеу уақыты)} \quad (8)$$

Алынған математикалық жазбалар, оптималды өндірістік жоспарды анықтау есебіне, әр типтегі қашаулардың оптималды санын, яғни бір уақытта теріс еместік шарттары (6) мен айқын емес (7), (8) шектеулерін қанағаттандыратын және  $f(x)$  (5) критериінің максимумын қамтамасыз ететін  $x_1$  мен  $x_2$  анықтауға алып келеді.

Сонымен (5)–(8) оптималдау есебін АЕМП есебі түрінде жазуға болады:


$$f(x) = 5x_1 + 7x_2 \quad (9)$$

$$4x_1 + 5x_2 \gtrsim 100 \quad (10)$$

$$12.5x_1 + 10x_2 \gtrsim 250 \quad (11)$$

$$x_1 \geq 0, x_2 \geq 0 \quad (12)$$

Сызықтық АЕМП есебі (9)–(12) алғынды. Есепті графикалық бейнелеу үшін теріс еместік (12), және (10), (11) айқын емес шектеулер шарттарымен анықталатын шешімдердің рұқсат етілген облысын тұрғызамыз (сурет 1).



Сурет 1 –Айқын емес шектеулі АЕМБ есебінің иллюстрациясы

$x_1 \geq 0, x_2 \geq 0$  (10) шектеулері шешім бірінші квадрантта жататынын білдіреді. Басқа шектеулер үшін сызықтар тұрғызайық. Шикізатқа қойылған (10) шектеуін график түрінде алу мақсатында координаттары (0; 20) және (25; 0) болатын 2 нүктені, яғни  $x_1$  және  $x_2$  арасын тұзу сызық арқылы қосамыз. Нәтижесінде  $4x_1 + 5x_2 \geq 100$  шектеуінің айқынсыз сызықтары алғынады. Жазықтықтың қай бөлігі айқын емес теңсіздікпен анықталатынын білу мақсатында координаталары (30, 30) болатын кез-келген нүктеде қойып, тексереміз. Бұл кезде қайшылық  $4x_1 + 5x_2 = 4 \cdot 30 + 5 \cdot 30 = (120 + 150) > 100$  болғандықтан, бұл айқын емес теңсіздік координаттары (30, 30) нүктесі болмайдын жарты жазықтықты анықтайды. Осылан ұқсас (11) айқын емес шектеу үшін айқын емес сызық пен анықталатын жазықтығы табылған. Тұжырымдалған бұрғылау қашауларын өндіру жоспарын оптималдау, олардан келетін пайданың ең жоғарғы мәнін, айқынсыз шектеулердің қажетті орындауда деңгейлерінде қамтамасыз ететін бұрғылау қашауларын өндіру жоспарын табу есебін шешу үшін түрлі әдісті қолдануға болады, бірақ олар түрлі нәтиже береді.

Бірінші әдісте айқынсыз шектеулердің орнына қатаң шектеулер қабылдай отырып, АЕМБ кәдімгі математикалық бағдарламалау есебі түрінде қойылады:

$$\begin{aligned} f(x) &= 5x_1 + 7x_2 \rightarrow \max \\ 4x_1 + 5x_2 &\leq 100 \\ 12.5x_1 + 10x_2 &\leq 250 \\ x_1 &\geq 0, x_2 \geq 0 \end{aligned}$$

Алынған қойлымда өлшемді сипаттайтын функция, сондай-ақ шектеулік функциялардың екеуі де сызықтық функциялар болғандықтан, есепті шешуде белгілі симплекс тәсілі жүзеге асырылған Manager бағдарламалар дестесі қолданылған.

*Нәтижелерді талдау.* Бұл тәсілдеме арқылы алынған нәтижелер мыналарды көрсетеді: берілген қатаң шектеулер кезінде, егер зауыт айына  $D_2$  типті қашаудың 20 данасын ( $x_2 = 20$ ) өндірсе, ал  $D_1$  типті қашауды өндірмесе ( $x_1 = 0$ ), онда зауыт бұрғылау қашауларын өндіруден ең көп, яғни айына 140 мың ш.б. пайда түсіреді. Басқа вариантардың бәрінде бұл пайда төмендеу болады.

2. Енді шектеулердің айқын еместіктерін ескере отырып, АЕМБ тәсілдері негізінде айлық пайданы максимизациялау есебін шешудің айқын емес тәсілдемесін қарастырамыз. Шектеулер айқын емес болғандықтан рұқсат етілген мәнге дейін олар бұзылуы мүмкін. Айқын емес есепті келесі түрде жазамыз:

$$\max_{x \in X} \mu_0(x) \quad (13)$$

$$f_q(x) \geq b_q, q = 1, 2 \quad (14)$$

$$x_i \geq 0, i = 1, 2 \quad (15)$$

Сараптамалық бағалау негізінде әр айқын емес шектеуге (14) олардың орындалуын бағалайтын тиістілік функциялары  $\mu_q(x), q = 1, 2$  тұрғызылған және шектеулердің басымқылар қатары  $I = \{1, 2\}$  анықталған болсын. Сонда басты критерий тәсілі идеясын қолдана отырып, (13) – (15) есебін келесі АЕМБ есебі түрінде жазуға болады:

$$\max_{x \in X} \mu_0(x),$$

$$X = \{x : x \in \Omega \wedge \arg(\mu_q(x) \geq \mu_q^R), q = 1, 2\}$$

Мақсаттық функцияны келесідей нормалдайық:

$$\mu_0(x) = \frac{f(x) - \inf_{x \in X} f(x)}{\sup_{x \in X} f(x) - \inf_{x \in X} f(x)} = \frac{f(x) - 0}{155 - 0} = \frac{f(x)}{155}$$

мұндағы 155 –пайда мәнінің жоғарғы шегі (sup).

Сонда, айлық пайданы максимизациялау мақсатында өнімдерді шығару бойынша өндірістік жоспарды оптималдау есебін айқын емес шектеулер кезінде келесідей жазамыз:

$$\max_{x \in X} \mu_0(x) = \frac{\max_{x \in X} (f(x))}{155},$$

$$X = \{x : x \in \Omega = [x_i \geq 0, i = 1, 2] \wedge \arg(\mu_1(x) \geq 1.0) \wedge \arg(\mu_2(x) \geq 0.90)\}.$$

Алынған АЕМБ есебін шешу үшін жоғарыда ұсынылған АЕБКП эвристикалық тәсілі қолданылған, яғни айқын емес шектеулер үшін модификацияланған бас критерий тәсілі қолданылып, келесі пункттер жүзеге асырылған:

1. Сараптамалық бағалау негізінде шектеулер қатары:  $I_R = \{1, 2\}$  анықталған, мұнда 1 – қашауды станокта өңдеу үақыты бойынша шектеудің (8) басымқысы, ал 2 – шикізатқа қойылған шектеудің (7) басымқысы.

2. Айқын емес шектеулерді сипаттайтын терм-жиын анықталып, шектеулер орындалуының тиістілік функциялары  $\mu_q(x), q = 1, 2$  тұрғызылған:

$$\mu_1(x) = \begin{cases} 1, \text{ онда } 12.5x_1 + 10x_2 \leq 245 \\ 1 - \frac{255 - (12.5x_1 + 10x_2)}{5}, \text{ онда } 245 < 12.5x_1 + 10x_2 < 255 \\ 0, \text{ онда } 12.5x_1 + 10x_2 \geq 255 \end{cases};$$

$$\mu_2(x) = \begin{cases} 1, \text{ онда } 4x_1 + 5x_2 \leq 95 \\ 1 - \frac{111 - (4x_1 + 5x_2)}{15}, \text{ онда } 95 < 4x_1 + 5x_2 < 111 \\ 0, \text{ онда } 4x_1 + 5x_2 \geq 111 \end{cases},$$

мұндағы  $d_1 = 5, d_2 = 15$  – рұқсат етілген шамалар.

3. Есепті шешу үрдісінде ШКТ айқын емес шектеулердің орындалуының бастапқы шектік мәндерін анықтады:  $\mu_q^{R(l)}, q = 1, 2, l = 1: \mu_1^{R(1)} = 1.0; \mu_2^{R(1)} = 0.90$ .

4. Өндірілген қашауларды өткізуден түсітін айлық пайданы анықтайтын өлшемді  $\mu_0(x)$  максимизациялау есебі, рұқсат етілген  $X$  жиыныда, шешіледі. Нәтижесінде ағымдағы шешімдер анықталады:  $x(\mu_q^{R(l)}), \mu_0(x(\mu_q^{R(l)})), \mu_1(x(\mu_q^{R(l)})), \mu_2(x(\mu_q^{R(l)})) x = (x_1, x_2), q = 1, 2, l = 1, 2, \dots$ .

5. Алынған ағымдағы шешімдер талдау және соңғы оңтайлы шешімді анықтау үшін ШКТ-ға беріледі.

6. Алғашқы 4 циклде анықталған ағымдағы шешімдер ШҚТ-ны қанағаттандырмайдықтан, шешім қабылдаушы  $\mu_q^{R(l)}, q=1,2, l=1,4$  шекті мәндерді түзетіп, 4-қадамға қайта оралды.

7. Шешімді іздеудің 5-циклінде алынған шешімдерге шешім қабылдаушы қанағаттандырмайдықтан ол тиімді соңғы шешімдерді, атап айтқанда, өлшемнің ең жоғарғы мәнін шектеулер талаптарын орындай отырып қамтамасыз ететін  $x^* = (x_1^*, x_2^*)$  (эр типтегі қашаулар сандарын) аныктап, соңғы шешімдерді қабыллады. Бұл шешім қарастырылған есепті айқын тәсілмен шешкенде алынған пайдадан 11 мың ш.б. артқанын көрсетеді.

Сонымен оңтайлы шешім іздеу нәтижесінде қашаулар типтерінің оптимальды сандары  $x^* = (x_1^*, x_2^*)$  шектеулердің айқын еместігін ескере отырып алынды:  $x_1^* = 5; x_2^* = 18$  (сурет 1 қараңыз).

Бұл оптимальды мәндерде, яғни өндірілетін 1 және 2-типті қашау типтерінің сандары:  $x_1^* = 5; x_2^* = 18$ , зауыттың айлық пайдасы 11 мың ш.б., яғни 7,9 %-ға артты:

$$f(x) = 5x_1 + 7x_2 = 5 \cdot 5 + 7 \cdot 18 = 25 + 126 = 151 \text{ мың ш.б.}$$

$12.5x_1 + 10x_2 = 12.5 \cdot 5 + 10 \cdot 18 = 242.5 \leq 245$  болғандықтан қашауларды өңдеу уақыты бойынша айқын емес шектеудің (басымқысы 1) тиістілік функциясы ең жоғары мәнге жетті, яғни  $\mu_1(x) = 1$ . Ал шикізатқа шектеуді сипаттайтын айқын емес шектеудің (басымқысы 2) тиістілік функциясының мәні 0,94, ол 2 пункте келтірілген өрнекпен есептеледі:  $\mu_2(x) = 1 - \frac{111 - (4 \cdot x_1 + 5 \cdot x_2)}{15} = 1 - \frac{111 - (20 + 90)}{15} = 1 - \frac{1}{15} = 0,94$

Сонымен, түрлі типтегі қашауларды өндіру бойынша өндірістік жоспарды оптималдау нәтижесінде келесі оңтайлы шешім анықталған:

$x^*(\mu_q^{R(l)}) = (5,8)$  – өндірілетін қашаулардың сандары, 1-типті қашау саны  $x_1 = 5$  дана; 2-ші типті қашау саны  $x_2 = 18$  дана;

$$\mu_0(x^*(\mu_q^{R(l)})) = 0.97 \Rightarrow f(x^*) = 151 \text{ – критеридің, яғни мақсаттық функцияның мәні;} \\ \mu_1(x^*(\mu_q^{R(l)})) = 1 \text{ және } \mu_2(x^*(\mu_q^{R(l)})) = 0,94 \text{ – айқын емес шектеулерді сипаттайтын тиістілік функциялардың максималды мәндері.}$$

*Нәтижелерді талқылау.* Алынған нәтижелерден көрінетіндей, оптималдау есебін айқын емес тәсілдеме негізінде шешкенде, айқын тәсілдемеге қарағанда артық шешімдер алынған. Мақсаттық функцияның мәні, яғни зауыттың айлық пайдасы түрлі типтегі қашауларды өткізу нәтижесінде 7,9 %-ға артқан.

1-басымқылы айқын емес шектеу (қашауларды станокта өңдеу уақыттарына шектеу) толықтай қанағаттандырылған (тиістілік функциясы 1-ге тең). 2-басымқылы айқын емес шектеу (шикізат көлеміне шектеу) 0,94-ге тең ( $\mu_2(x) = 0,94$ ). Бұл шектеудің берілген шектік мәні 0,90 ( $\mu_2(x) \geq 0,90$ ), ал бұл 2-ші айқын емес шектеудің де айтарлықтай қанағантандырылғанын білдіреді. Алынған нәтижелерден шектеулердің айқын еместігін ескере отырып есепті шешу, яғни өндіріс жоспарын құру критерий (пайда) мәнінің артуына мүмкіндік туғызыатынын көреміз.

## Қорытынды

Өндірісте орын алғын ресурстарға қойылатын шектеулерді қанағаттандыра отырып, өндірілетін бүрғылау қашауларынан түсітін пайданың ең жоғары мәнін беретін өндіріс жопарын тиімді құру есебі айқынсыздықта математикалық бағдарламалау есебі ретінде қойылған. Алынған АМБЕ-ін шешуге арналған айқынсыздыққа бейімделген негізгі өлшем тәсілі негізінде эвристикалық тәсіл жасақталған. Ұсынылған тәсіл басты критерий принципін айқын емес ортаға бейімдеуге негізделген. Жұмыста қойылған оптималдау есебі мен оны шешуге ұсынылған тәсілдің жанашылдығы: белгілі тәсілдерден ерекшелігі мынада: бастапқы айқын емес есеп эквивалентті айқын есептерге түрлендірілмей, бастапқы айқын емес ақпаратты максималды қолданып, айқын емес ортада қойылып, шешіледі. Сол себептен, бастапқы жинақталған айқын емес ақпарат негізінде шынайы

өндірісте болатын айқынсыздық барынша толық ескерілгендейтін, алғынған шешім айқынсыздық жағдайына барынша адекватты болады.

Жұмыста ұсынылып, сипатталған айқынсыз әдістеме түрлі бұрғылау қашауларын өндіретін зауытта айқынсыз шектеулердің қажетті орындалу деңгейлерін және бұрғылау қашауларынан түсетін айлық пайданың жоғарғы мәнін қамтамасыз ететін тиімді өндіріс жоспарының есебін шешуде пайдаланылған. Жұмыстың теориялық маңыздылығы айқын емес ортада математикалық бағдарламалау тәсілдерін дамытумен анықталады. Жұмыстың тәжірибелік маңыздылығы айқынсыз жағдайда дәстүрлі тәсілдермен қын шешілетін, дұрыс шешілмейтін күрделі өндірістік есептерді тиімді шешуінде.

## **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

- [1] Orazbayev B.B., Orazbayeva K.N., Kurmangaziyeva L.T. Multicriteria optimisation problems for chemical engineering systems and algorithms for their solution based on fuzzy mathematical methods // EXCLI Journal, 2015, V.14. –P. 984–998.
- [2] Chen Y., He L. Multi-criteria design of shale-gas-water supply chains and production systems towards optimal life cycle economics and greenhouse gas emissions under uncertainty // Comp.& chem. eng. 2018, V. 109. –P. 216–235.
- [3] Данциг Дж. Линейное программирование, его обобщение и применение. -М: Прогресс, 1998, 405 с.
- [4] Guanghui L. An optimal method for stochastic composite optimization // Mathematical Programming, 2012, V. 133. –P. 365-397.
- [5] Dubois D. The role of fuzzy sets indecision sciences: Old techniques and new directions // Fuzzy Sets and Systems, 2011, V. 184. –P. 3–28.
- [6] Гмурман В.Е. Теория вероятностей и математическая статистика. Учебник для вузов. –М.: Высшее образование, 2017, -479 с.
- [7] Штовба С.Д. Введение в теорию нечетких множеств и нечеткую логику. Учебник для вузов. –М.: МГУ. 2017, -307 с. URL: <http://matlab.exponenta.ru/fuzzylogic/book1/> (дата обращения: 10.04.2019).
- [8] Orazbayev B.B., Ospanov E.A., Orazbayeva K.N., Kurmangazieva L.T. A Hybrid Method for the Development of Mathematical Models of a Chemical Engineering System in Ambiguous Condition // Mathematical Models and Computer Simulationsm, 2018, V. 10. –P. 748–758. DOI 10.1134/S2070048219010125.
- [9] Кузнецов Ю.Н., Кузубов В.Н., Волоченко А.Б. Математическое программирование. Учебник для вузов. –М: Высшая школа. 1980, 365 с.
- [10] Yazenin, A.V. Linear programming with fuzzy random data // As technical cybernetics. 2011, V. 8.№ 5. –P. 52–58.
- [11] Zimmermann H.J. Fuzzy programming and linear programming with several objective functions // Fuzzy Sets and Systems, 2017, V. 5. –P. 45–55.

## **LIST OF REFERENCES**

- [1] Orazbayev B.B., Orazbayeva K.N., Kurmangaziyeva L.T. Multicriteria optimisation problems for chemical engineering systems and algorithms for their solution based on fuzzy mathematical methods // EXCLI Journal. 2015. V.14. –P. 984–998.
- [2] Chen Y., He L. Multi-criteria design of shale-gas-water supply chains and production systems towards optimal life cycle economics and greenhouse gas emissions under uncertainty // Comp.& chem. eng. 2018. V. 109. –P. 216–235.

- [3] Dantsig Dzh. Lineynoye programmirovaniye, yego obobshcheniye i primeneniye. -M: Progress. – 1998. –405 s.
- [4] Guanghui L. An optimal method for stochastic composite optimization // Mathematical Programming. 2012. V. 133. –P. 365-397.
- [5] Dubois D. The role of fuzzy sets indecision sciences: Old techniques and new directions // Fuzzy Sets and Systems. 2011. V. 184. –P. 3–28.
- [6] Gmurman V.Ye. Teoriya veroyatnostey i matematicheskaya statistika.Uchebnik dlya vuzov. –M.: Vyssheye obrazovaniye. 2017, -479 s.
- [7] Shtovba S.D. Vvedeniye v teoriyu nechetkikh mnozhestv i nechetkuyu logiku. Uchebnik dlya vuzov. –M.: MGU. 2017. -307 s. URL: <http://matlab.exponenta.ru/fuzzylogic/book1/> (data obrashcheniya: 10.04.2019).
- [8] Orazbayev B.B., Ospanov E.A., Orazbayeva K.N., Kurmangazieva L.T. A Hybrid Method for the Development of Mathematical Models of a Chemical Engineering System in Ambiguous Condition // Mathematical Models and Computer Simulations. 2018. V. 10. –P. 748–758. DOI 10.1134/S2070048219010125.
- [9] Kuznetsov YU.N., Kuzubov V.N., Volochenko A.B. Matematicheskoye programmirovaniye.Uchebnik dlya vuzov. –M: Vysshaya shkola. 1980, 365 s.
- [10] Yazenin, A.V. Linear programming with fuzzy random data // As technical cybernetics. 2011. V. 8. № 5. –P. 52–58.
- [11] Zimmermann H.J. Fuzzy programming and linear programming with several objective functions // Fuzzy Sets and Systems. 2017. V. 5. –P. 45–55.

## OPTIMIZATION OF PRODUCTION PLAN WITH UNCLEAR RESTRICTIONS

B. Orazbayev<sup>1</sup>, A. Tanirbergenova<sup>2</sup>, L. Kurnangaziyeva<sup>3</sup>, R. Tuleuova<sup>4</sup>, K. Orazbayeva<sup>5</sup>

<sup>1,2</sup>L.N. Gumilev Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan,

<sup>3</sup>S. Utebayev Atyrau University of Oil and Gas, Atyrau, Kazakhstan,

<sup>4</sup>H. Dosmukhamedov Atyrau State University, Atyrau, Kazakhstan,

<sup>5</sup>Kazakh University of Economics, Finance and International Trade, Nur-Sultan, Kazakhstan

batyr\_o@mail.ru, alua\_15\_1982@mail.ru, kurmangaziyeva@mail.ru, tuleuvar@mail.ru,  
kulman\_o@mail.ru

**Abstract.** New statements of the problem of optimizing production plans under fuzzy restrictions in the form of various problems of fuzzy mathematical programming are obtained. A heuristic method based on a modification of the principle of the main criterion for their solution is developed. The main ways to bring the original multicriteria optimization problem to a single-criterion problem are considered. The task of optimizing the production plan with fuzzy restrictions by adapting the main criterion method for working in a fuzzy environment is formulated. It is presented as a fuzzy mathematical programming problem. A heuristic method for solving the obtained problem is developed and its main points are given. The proposed method in the optimization processes and the selection of the optimal solution uses the methods of expert evaluation, fuzzy information, in the form of knowledge, experience and intuition of experts, the decision maker. Issues of applying the proposed approach in practice are considered.

**Keywords:** fuzzy constraint, fuzzy mathematical programming, fuzzy information, production plan.

## **ОПТИМИЗАЦИЯ ПРОИЗВОДСТВЕННОГО ПЛАНА ПРИ НЕЧЕТКОСТИ ОГРАНИЧЕНИЙ**

**Б.Оразбаев<sup>1</sup>, А.Танирбергенова<sup>2</sup>, Л.Курмангазиева<sup>3</sup>, Р.Тулеуова<sup>4</sup>, К.Оразбаева<sup>5</sup>**

<sup>1,2</sup> Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Казахстан,

<sup>3</sup> Атырауский университет нефти и газа им. С.Утебаева, г. Атырау, Казахстан,

<sup>4</sup> Атырауский государственный университет им. Х. Досмухамедова, г. Атырау, Казахстан,

<sup>5</sup> Казахский университет экономики, финансов и международной торговли, Нур-Султан, Казахстан

batyr\_o@mail.ru, alua\_15\_1982@mail.ru, kurmangazieval@mail.ru, tuleuovar@mail.ru,  
kulman\_o@mail.ru

**Аннотация.** Получены новые постановки задачи оптимизации производственных планов при нечетких ограничениях в виде различных задач нечеткого математического программирования и для их решения на основе модификации принципа главного критерия разработан эвристический метод. Рассмотрены основные способы приведения исходной многокритериальной задачи оптимизации к однокритериальной задаче. Задача оптимизации производственного плана с нечеткими ограничениями путем адаптации для работы в нечеткой среде метода главного критерия сформулирована в виде задачи нечеткого математического программирования. Для решения полученной задачи разработан эвристический метод и приведены его основные пункты. Предложенный метод в процессах оптимизации и выборе оптимального решения применяет методы экспертной оценки, нечеткой информации, в виде знания, опыта и интуиции экспертов, лица, принимающего решения. Рассмотрены вопросы применения предложенного подхода на практике.

**Ключевые слова:** нечеткое ограничение, нечеткое математическое программирование, нечеткая информация, производственный план.



## РАДИОТЕХНИКА И СВЯЗЬ

МРНТИ 49.33.35

### ИССЛЕДОВАНИЕ НАДЕЖНОСТИ КОНФИГУРАЦИИ НА ОСНОВЕ РАЗРАБОТАННОЙ ИМИТАЦИОННОЙ МОДЕЛИ МАГИСТРАЛЬНОЙ МУЛЬТИСЕРВИСНОЙ СЕТИ

М.Б. Амреев, М.З. Якубова, А.О. Касимов

НАО «Алматинский университет энергетики и связи имени Гумарбека Даукеева»,  
г.Алматы, Казахстан  
[m.amreev@aues.kz](mailto:m.amreev@aues.kz), [mubor194@gmail.com](mailto:mubor194@gmail.com), [64razak@mail.ru](mailto:64razak@mail.ru)

**Аннотация.** Публикация посвящена разработке имитационной модели магистральной мультисервисной сети исследованию надежности конфигурации на основе экспериментов на модели. Известно, что в системах связи выходной эффект может выражаться: числом работающих каналов, количеством обслуживаемых объектов, количеством вызовов. В нашем случае путем исключения оборудования проверена надежность работы разработанной имитационной модели сети по величине распределения параметров различных характеристик, например, общего числа проходимых пакетов. Для этого вначале эксперимента по моделированию определяется общее количество пакетов, проходящих через сеть при нормальной работе всего оборудования мультисервисной сети.

Результаты прогона модели показывают, что при удалении даже 2-х маршрутизаторов получаем характеристики сети, где надежность в сети не изменяется. Это подтверждает надежность разработанной конфигурации сети.

**Ключевые слова:** надежность мультисервисной сети, имитационная модель, связь, маршрутизатор, система, трафик, функции, эффективность.

#### Введение

При анализе известных источников [1-3] установлено, что в них не исследуются проблемы надежности в магистральных мультисервисных сетях на основе имитационного моделирования на пакете прикладных программ Opnet modeler ver. 14.5.

В данной работе рассматриваются проблемы анализа надежности работы мультисервисной сети путем имитационного моделирования на Opnet modeler ver. 14.5.

Мультисервисная сеть связи предоставляет абонентам различный перечень сервисов с необходимыми возможностями для их проверок, персонализации, создания новых видов обслуживания в связи с её стандартизацией решения далее, хранения, обработки и поиска информации в системе сети.

Надежность – свойство сохранять во времени в установленных пределах значения всех параметров, характеризующих способность выполнять требуемые функции в заданных режимах и условиях применения. Надежностью какого-либо объекта обычно называют свойство, заключающееся в способности выполнять определенные задачи в определенных условиях эксплуатации [4].

Малопригодными являются случаи, когда полный отказ некоторой группы элементов системы не означает полного нарушения функционирования системы, а только снижает качество обслуживания и эффективности функционирования.

Техническая эффективность системы – свойство системы создавать некоторый полезный результат (выходной эффект) в течение некоторого периода эксплуатации в

определенных условиях. Она характеризуется коэффициентом сохранения эффективности КСЭ [5].

КСЭ – это отношение показателя эффективности системы, рассчитанного с учетом возможности отказов, к номинальному значению этого показателя

В системах связи выходной эффект может выражаться:

- числом работающих каналов,
- количеством обслуживаемых объектов,
- количеством вызовов и т.д.

$$K_{c3} = Mf(x),$$

где  $M$  – математическое ожидание,

$f(x)$  – показатель относительной эффективности системы в состоянии  $x$

$$0 < f(x) < 1.$$

В последнее время во всем мире наблюдается повышенное внимание к проблемам надежности функционирования сетей связи.

Причины этого заключаются в следующем:

- повышенные требования со стороны пользователей,
- усиление конкуренции между операторами связи,
- быстрое развитие новых технологий и услуг,
- возникновение в сетях связи ряда стран серьезных аварий.

Например, в 1991 году обрыв ОВ кабеля в Нью-Йорке заблокировал на 8 часов 60 процентов трафика, не работали биржи и аэропорты.

Поэтому были разработаны новые подходы к оценке надежности систем, учитывающие:

- степень снижения качества обслуживания,
- продолжительность неработоспособности,
- широту распространения влияния отказов.

Поэтому решим, экспериментально используя разработанную имитационную модель магистральной мультисервисной сети, приведенную на рисунке 1 для выполнения следующих экспериментов.



Рисунок 1 – Разработанная имитационная модель сети

Установить на рабочем столе Opnetmodelerv.14.5 имитационную модель магистральной мультисервисной сети IP/MPLS.

- Исключим 1 маршрутизатор из модели магистральной мультисервисной сети IP/MPLS.

- Исключим 2 маршрутизатора из имитационной модели магистральной мультисервисной сети IP/MPLS.

- Проведем эксперимент по моделированию магистральной мультисервисной сети IP/MPLS и расчет величины общей и других видов нагрузки, например, голосового трафика, проходящего по сети, когда исключен 1 маршрутизатор, и когда исключаются два сразу маршрутизатора.

В нашем случае путем исключения оборудования проверим надежность работы разработанной модели сети приведенной на рисунке 2 модели (расположенной внизу слева) по величине распределения параметров различных характеристик, например, общего числа проходимых пакетов и т.д.

Для этого вначале эксперимента по моделированию определим общее количество пакетов, проходящих через сеть при нормальной работе всего оборудования мультисервисной сети.

Результаты прогона модели показывают, как видно из рисунка 2, что при удалении маршрутизатора node 9 получаем следующие характеристики сети:

Общее количество переданных пакетов по сети равно 980 000 000 – рисунок 2 (расположенный наверху).

Общий голосовой трафик составил 0,1 процентов, как показывает рисунок 2, расположенный справа внизу.




Рисунок 2 – Окно сети и некоторых характеристиках при удалении маршрутизатора node 9

Удаленный маршрутизатор под номером node 9 (расположенный слева имеющий большой размер), не имеющий связей с сетью [4].

Как показывает таблица 1 и диаграмма 1, итого прошло 980 000 000 пакетов и совпадает с графическими данными, как показывают расчеты, полученные при моделировании, когда все устройства были на месте.

Таблица 1 - Расчеты

<b>ftp,server ftp,http</b>	<b>Интернет</b>	<b>Интер серв</b>	<b>node 10-13</b>	<b>node14</b>	<b>node15</b>	<b>node 17</b>	<b>node (2- 8)x7</b>	<b>node 9</b>	<b>video</b>	<b>voice 1- 2</b>	<b>voice server</b>
